


«Ермек Серкебаев атындағы Өнер колледжі – өнерде дарынды балаларға мамандандырылған мектеп-интернат» кешені КММ

КГУ «Комплексе «Колледж искусств – специализированная школа-интернат для одаренных в искусстве детей имени Ермека Серкебаева»


Қарастырылған:

Рассмотрено:

на заседании ПЦК
«Народные инструменты»
протокол № 1
председатель ПЦК
Гафуров К.К. 
«28» 08 2024 г.

Келісілген:

Согласовано:

заместитель директора
по профилю
Габидуллина В.Ф. 

Бекітілген:

Утверждено:

решением МС КГУ «Комплексе
«Колледж искусств – ШОД»
имени Ермека Серкебаева
председатель Рыжик Т.А.
«29» 08 2024 г.



ЖҰМЫС БАҒДАРЛАМАСЫ
РАБОЧАЯ ПРОГРАММА
АНСАМБЛЬ КЛАСЫ
КЛАСС АНСАМБЛЯ
(КОБЫЗ)

(ПӘННІҢ АТАУЫ/НАИМЕНОВАНИЕ ДИСЦИПЛИНЫ)

5-9 сынып

Петропавл қаласы
2024 жыл

Құрастырған: Оңғарбаева С.Д. «Халық аспаптары» ПЦК – сы оқытушысы.

Рецензенттер:

Ғафуров Қ.Қ. «Халық аспаптары» ПЦК – сының төрағасы.

Маштакова Н.Ж. «Халық аспаптары» ПЦК – сының оқытушысы.

Ермек Серкебаев атындағы «Өнер колледжі - ДБМ» кешені әдістемелік кеңесімен бекітілген.

№ 1 хаттама, 29.08 2024жыл.

Тіркеу нөмірі: 15

Тіркелген күні: 29.08 2024 жыл.

Мазмұны

1. Түсіндірме жазба
 2. Пәнді оқытуда үлгілі жоспарланған нәтижелер
 3. Оқу бағдарламасының тақырыптық жоспары
 4. Қысқаша әдістемелік нұсқаулар
 5. Үлгі ретінде берілген репертуарлық тізім
 6. Оқушылардың білімін бақылау және есепке алу
 7. Қолдануға ұсынылатын әдебиеттер
-

5-сынып – 68с
6-сынып – 68с
7-сынып – 68с
8-сынып – 68с
9-сынып – 68с

Барлығы – 340 с

Түсіндірме жазба

«Ансамбльдік орындаушылық» дегеніміз әр бір орындаушы өзінің көркемдік орындау ерекшелігін, орындау стилін, техникалық деңгейін екінші және басқа орындаушылардың ойнау ерекшелігімен, техникалық деңгейімен сәйкес кылып, шығарманың орындалу жүйесін сақтай отырып, бірдей ойнау деңгейін меңгеру.

Ансамбльге арналған музыкалық шығармалар орындаушылар санына қарай, дуэт, трио, квартет, квинтет, т.с.с. болып бөлінеді.

Мұғалім орындаушы жұптарды таңдағанда оқушының табиғи қабілетін, орындау техникасының деңгейін, бір-бірімен адамгершілік қарым-қатынасын, ансамбль репертуарының техникалық талаптарын, т.с.с. мәселелерді ескеруі қажет.

Репертуар оқушылардың техникалық мүмкіндігіне сай, олардың көңілінен шығатындай, мазмұны қызықты етіліп таңдалынуы керек.

Ансамбль пәнінің негізгі мақсаты:

1. Екі, немесе бірнеше адамға көркем шығармаларды бір деңгейде ойнауды үйрету,.
2. Оқушының концерттік орындаушылық практикасын дамыту.

Ол үшін мұғалім әр бір оқушымен жеке-дара жұмыс істеп, оның партиясын тексеріп, аппликатура, штрих қою жұмысымен айналысып, әр оқушымен қажымай-талмай еңбек етуі керек.

Ансамбльдің жеке орындаушыдан және оркестр орындаушысынан айырмашылығы – жеке орындаушының творчестволық жұмысы тек өзімен ғана

жекеше түрде етеді (немесе концертмейстермен творчестволық қарым-қатынас арқылы).

Оркестр орындаушылары дирижердің басқарумен жұмыс істейді, ал ансамбль орындаушылары болса, бірнеше адам бірігіп, дирижерсыз ойнайды. Ол оңай жұмыс емес. Әр бір орындаушының өзіне бөлінген жеке партиясы болса да, оның мазмұнын түсініп ойнау.

Бағдарламаның негізгі мақсаты

Қобыз аспабы әу бастан жеке орындау аспабы болғанымен, кешенді оқыту мақсаты ансамбльдік ойынды да қажет етеді. Ұлттық бояуын бұзбай дауыстың иірімін тауып, гармониялық түзілісін жазбай танытатын ортақ шығармаларды дәл тауып, олардың орындалу ерекшеліктеріне басты назар аудару керек. Домбыраға арналған халық күйлерімен, халық композиторларының күйлерін кеңінен насихаттау үшін қазіргі кезде қобызшылар ансамбліне өңделіп, сахналарда орындалып жүр. Ансамбль репертуарын кеңейту барысында халық әндерінен құралған поппури, халық әндерінің өңделген түрлері де өз тыңдаушыларын қуантып келеді. Сонымен қатар, Қазақстан композиторларының да, қобызшылар ансамбліне арнап жазған шығармалары ансамбль репертуарынан міндетті түрде орын алуы тиіс. Шетел композиторларының шығармаларын орындау оқушылардың деңгейін жоғарылатып, классикалық музыканы кеңінен түсінулеріне жол ашары сөзсіз.

2. Пәнді оқытуда үлгілі жоспарланған нәтижелер

Стандартта және білім беру бағдарламасында жоспарланған оқыту нәтижелері	Үлгілік оқу бағдарламасында жоспарланған оқу нәтижелері
<p>Білім алушылар келесі күзiреттiлiктерге ие болуы тиiс</p> <p>Базалық:</p> <p>БҚ 1. Алған бiлiмiн кәсiби түрде колледж бағдарламасы бойынша жалғастыру;</p> <p>БҚ 2. Ойлау мәдениетiн меңгерген, Қазақстан Республикасының мемлекеттiк тiлi – қазақ тiлiн және ресми қолданылу тiлi – орыс тiлiн бiлу;</p> <p>БҚ 3. Кәсiби сөздiк қорын сауатты қолдану, өзiнiң кәсiптiк қызметiнде шет тiлдерiнен бiлiктiлiгiн қолдана бiлу;</p> <p>БҚ 4. Өз мамандығының маңыздылығы мен мәнiн түсiну, оған тұрақты қызығушылық көрсету;</p> <p>БҚ 5. Орындалатын жұмысына жауапкершiлiкпен қарау, өздiгiнен кәсiби қызмет саласындағы мәселелердi шешу.</p>	<p>Пәндi игеру нәтижесiнде бiлiм алушылар:</p> <p>Бiледi:</p> <ul style="list-style-type: none"> - қазiргi заманғы педагогика талаптарын; - қазiргi заман музыкант-орындаушысына қойылатын кәсiби талаптарды. <p>Истей алады:</p> <ul style="list-style-type: none"> - нақты жағдайда қойылған мiндеттердi шешу кезiнде педагогикалық және әртiстiк қызмет саласында алған бiлiмiн жүзеге асыра бiлу. <p>Дағдыларын қалыптастырды:</p> <p>Қиын емес шығарманы парақтан бiрден сауатты оқи алады.</p> <p>Сұрақтарында құзыреттi:</p> <ul style="list-style-type: none"> - эстетикалық қағидаларды қалыптастыру; - шығармашылық тұлға ретiнде дамыту; - кәсiби орындаушылық дағдылары.
<p>Кәсiптiк:</p> <p>КҚ 1. Орындаушылық мектептер мен олардың өкiлдерiн талдау;</p> <p>КҚ 2. Аспаптардың даму тарихы туралы теориялық бiлiмдi қолдану.</p> <p>КҚ 3. Танымал орындаушылардың үрдiстерiн қолдану.</p> <p>КҚ 4. Аспапта орындаудың негiзгi дағдыларын дамыту.</p> <p>КҚ 5. Музыкалық өнер жанрларын, түрлерi мен стилiн айыру.</p>	<p>Бiледi:</p> <ul style="list-style-type: none"> - халық аспаптарда ойнап үйрену әдiстемесiнiң қазiргi заманғы педагогикалық қағидаларын; - музыкалық стильдер мен бағыттарды; - әртүрлi стильдер, дәуірлер мен бағыттар композиторларының шығармаларынан тұратын репертуарды; - орындаудың көркемдiк элементтерiн (темпо-метро-ритм, динамика, артикуляция, фразировкасын); <p>Истей алады:</p> <ul style="list-style-type: none"> - музыкалық шығарманы кәсiби деңгейде орындау; - музыкалық шығарманың көркемдiк мазмұ-

- нын және оның мәтінін интерпретациялау;
- парақтан оқып ойнау;
 - орындаушылық іс-жүзі барысында теориялық кәсіби білімін қолдану;
 - музыкалық шығармаға толық шолу барысында, сондай-ақ музыка құрылымының кейбір элементтерін жеке ала отырып, өздігінен талдау жасау;
 - орындайтын шығарманың көркемдік ойын жеткізу мақсатында ең тиімді техникалық әдістерді таңдау;
 - сахнада өзін дұрыс ұстауын қадағалау;
 - аспапта ойнаушының қолын дұрыс ұстауы;
 - аспапта ойнаудың алғашқы тәсілдерін білу;
 - өзін-өзі шығармашылық тұрғыдан дамыту;

Дағдыларын қалыптастырды:

- халық аспаптарында ойнап үйренудің технологиялық әдістерін;
- шығармашылық бастамшылдығын дамыту;
- концертте шығарманы стилі мен құрылымына сәйкес орындау.

Сұрақтарында құзыретті:

- репертуарды шығармашылық қабілетіне сәйкес таңдау;
- өздігінен дайындала алу әдістерін таңдау;
- нақты шығарманы орындау барысында техникалық және көркемдік құралдарды таңдау.

3. Оқу бағдарламасының тақырыптық жоспары

« Ансамбль класы » пәні бойынша

№		Тақырыптардың атаулары	Сағат саны	Шығармалардың саны
1	5- сынып	Ансамбльге арнап өңделген халық әндері Ансамбльге арнап өңделген күйлер	68	10 - 12
2	6 - сынып	Ансамбльге арнап өңделген халық әндері Ансамбльге арнап өңделген күйлер	68	8 - 10
3	7 - сынып	Ансамбльге арнап өңделген халық әндері мен күйлері	68	10 - 15
4	8 - сынып	Шетел композиторларының шығармалары Ансамбльге арналған Қазақстан композиторларының шығармалары	68	10 - 15
5	9 - сынып	Шетел композиторларының шығармалары Ансамбльге арналған Қазақстан композиторларының шығармалары	68	10 - 15
6		Барлығы	340	

4. Қысқаша әдістемелік нұсқаулар

Қобызшылар ансамблі негізінен аспапты енді меңгерген оқушылардан құралатын болғандықтан, оларды бір-бірін тыңдауға, таза ойнауға үйрете бастау керек.

Шығарманың орындалуға тиіс деңгейін алғашқы жұмыс барысында - ақ анықтап, музыкалық материалды мұқият зерттеп, оның формасын, негізгі әуеннің даму бағытын, сүйемелдеуші партиялардың гармониясын анықтап алмаса, шығарманың орындалу деңгейі төмен, көркемдік мазмұны түсініксіз болып шығады.

Шығарманы талдағаннан кейін, оны өзара үзінділерге бөліп, әр бөлігіне жеке тоқтап, оны алдымен баяу жылдамдықта ойнатып қараған өте тиімді болады, әйтпесе басыныан аяғына дейін құр мағынасыз қайталай беруден жұмыстың жүйесі болмайды.

Ансамбль де оқушылармен жекеше түрде жұмыс істеуді қажет етеді. Ол шығарманы үйретуде техникалық мүмкіндікті ашуға, аппликатураны дұрыс таңдауға, дыбыс шығарудың әр түрлі тәсілдерін, оң қолдың штрихтарын меңгеруге, кейбір орындау ерекшеліктерін таңдауға жағдай жасайды.

Шығарманың мазмұнын ашу үшін, нота мәтінін мұқият, қатесіз оқу керек.

Нота мәтінін қатесіз оқу – дыбыс ұзақтығын және динамикасын дәл ойнауға, автордың мақсатын, шығарманың характерін түсінуге көмегін тигізеді.

Ансамбльдің өз шеберліктерін көрсетер шағы сахнаға шығу болып табылады. Сондықтан-да оқушыларды сахнада өздерін ұстай білуге үйрету ең басты жұмыстардың бірі болып табылады.

Оқушыларға сахнаға шығар алдынан біраз уақыт бұрын өзгерістер енгізу қате болып табылады.

Ансамбль сабағы оқушылардың бойында ұжымдық түрде жұмыс істеудің шарттарын қалыптастырады, музыкалық сауаттылыққа, сахнаға дайындайды, жалпы оқушының жан жақты білім алып, дамуына әсер етеді.

5. Үлгі ретінде берілген репертуарлық тізім

5 - сынып

1. Е. Брусиловский «Шолпан»
2. Ақан сері «Қара торғай»
3. Абай «Айттым сәлем Қаламқас»
4. А. Моцарт «Менуэт»
5. Груз. нар. песня «Сулико»
6. Н. Бакланова «Марш октябрыт»
7. Халық әні «Еліғай»

6 - сынып

1. Н. Ғазизов «Япурай»
2. Н. Ғазизов «Қарағым-ай»
3. Н. Ғазизов «Әпитөк»
4. Жаяу Мұса «Ақ сиса»
5. А. Моцарт «Менуэт»
6. Р. Шуман «Песня»
7. Д. Кабалевский «Вроде вальса»
8. А. Хачатурян «Андантино»

7 - сынып

1. Халық әні «Шилі өзен»
2. Халық әні «Сәулем-ай»
3. Тәттімбет «Былқылдақ»
4. Тәттімбет «Сылқылдақ»
5. Абай «Айттым сәлем Қаламқас»
6. Халық әні «Елім-ай»
7. Халық әні «Ақ баян»
8. С. Әбдінұров «Ән»
9. С. Әбдінұров «Арман»
10. С. Әбдінұров «Аңсау»

11. Д. Гершвин «Сүйіктім менің»

8 - сынып

1. Өнд. Р. Мұсаходжаева «Поппури №1»
2. Өнд. Р. Мұсаходжаева «Поппури №2»
3. А. Хачатурян «Танец девушек»
4. С. Еркімбаев «Еске алу»
5. Н. Бом «Непрерывное движение»
6. Дога «Вальс»
7. Ш. Қалдаяқов «Арыс жағасында»
8. П. Чайковский «Танец маленьких лебедей»
9. Д. Шостакович «Романс»
10. Дога «Вальс»
11. Өнд. Р. Мұсаходжаева «Поппури №1»

9 - сынып

1. Д. Шостакович «Романс»
2. С. Әбдінұров «Ән»
3. Ә. Бестібаев «Қамажай»
4. Е. Рахмадиев «Гарантелла»
5. А. Тьери «Рио – Рита»
6. П. Мориа «Менуэт»
7. П. Чайковский «Спящая красавица» балетінен «Вальс»
8. Ә. Әбдінұров «Бақыт»
9. З. Фибих «Поэма»

6. Оқушылардың білімін бақылау және есепке алу

Оқушылардың алған білімдері әр тоқсан сайын бағаланып отырады. Бұл жерде оқушының тоқсан бойында сабаққа қатынасуы, берілген тапсырмаларды уақытында және өз деңгейінде орындай білуі басты назарда болуы тиіс.

Сонымен қатар, ай сайын орындалатын шығармалардың партияларын жеке – жеке тексеріп отыру, әр оқушының осал тұстарын біліп отыруға көп септігін тигізеді. Үлгерімі орташа немесе төмен оқушыларды алға жетелеу үшін кейде бағаларын көтермелеп қоюға да болады. Бірақ үнемі көтермелеп отыру да оқушының өзін басқалардан жоғары санап, дайындығына кері әсерін тигізуі де әбден мүмкін. Сондықтан оқушыны бағалауға әр оқытушы тың көзқараспен қарап, ерекше мән бөлгені жөн.

7. Қолдануға ұсынылатын әдебиеттер

1. Қ.Сайжанов «Екі жирен»
 2. З.Бисембаева «Қобызға арналған пьесалар»
 3. Қожамқұлова «Қобызға арналған ансамбльдер»
 4. «Soii с Tutti пьесы для ансамбля скрипачей и виолончелистов»
 5. «Юный скрипач» Вып. № 1
 6. Ж.Баспаев «Бас кобыз, виолончельге арналған пьесалар»
 7. «Хрестоматия для скрипки» Вып. № 2
 8. «Юный скрипач» Вып. № 2»
 9. Ф.Балғаева «Қобызға арналған пьесалар»
 10. «Ансамбль юных скрипачей» Вып. № 5
 11. «Юный скрипач Вып. № 3»
 12. «Пьесы для ансамбля ударных инструментов»
 13. С. Жүсіпова «Скрипка мен фортепианоға арналған пьесалар»
 14. Э. В. Пудовочкин «Ансамблевое воспитание скрипача»
-